

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мәжілис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022 жылдың 5 қаңтарында жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы  
Ә.А. Смаиловқа

Депутаттық сауал  
Құрметті Әлихан Асханұлы!

Біздің депутаттық сауалымыз Маңғыстау облысының тұтынушыларына арналған сұйытылған мұнай газына бағаның көп көтерілуіне байланысты, бұл азаматтардың наразылығын туғызып, аймақтағы әлеуметтік шиеленісті күшейтіп жіберді.

Жағдай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жеке бақылауына алынды. Президенттің тапсырмасы бойынша үкіметтік комиссия жұмыс істеді, ол қалыптасқан жағдайдың оңтайлы шешімін тапты.

Проблема жаңа жылдың алғашқы күндері шиеленіскенге қарамастан, оның алғышарттары бұрын да белгілі бола бастағанын атап өту керек. Сұйытылған газ нарығына, отынның тапшылығына, саладағы баға белгілеуге қатысты мәселелерін бірнеше рет Мәжіліс депутаттары да көтерген еді. Соңғы мұндай үндеуді біздің әріптесіміз Серік Ерубәев өткен жылы 10 қарашада жасаған еді.

Олардың бірқатары реттелді, алайда, тағы бірқатары шешімін тапқан жоқ.

**Бірінші.** Энергетика министрлігі бағаның былайша өсуін 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап сұйытылған газдың 100% электронды сауда алаңы арқылы сатылатынмен түсіндіреді. Үш жыл ішінде (заң күшіне енгеннен кейін) сауда алаңында нарықтық тетіктер қалыптасып үлгермеді. Сауда-саттықты Энергетика министрлігі «қолмен басқару» режимінде өткізді. Бұл «кнопкалы» аукцион деп аталатын жағдайға жеткізді, бұл электронды алаңдар тетігінің беделін кетірді, нәтижеге қол жеткізбеді, сөйтіп бүгінгі күнгі дағдарысты жағдайға алып келді.

**Екінші.** Елімізде сұйытылған газ сатудың бірыңғай ұлттық нарығы қалыптаспады. Оның есесіне, сұйытылған газ тапшылығы орын алды, оның көрсеткіші 2021 жылы 15 %-ке жетті.

**Үшінші.** Бірқатар аймақтарда сауда-саттық нәтижесінде көтерме баға керісінше төмендегенін көріп отырмыз. Бұл сауда-саттықты өткізу процедурасының өзінде және бөлшек сауда бағасын қалыптастыруда проблемалардың бар екенін көрсетеді. Үкімет бұл мәселені қарастырып, шешу керек.

Көтерме сауда нарығындағы алыпсатарлықты жою және сауда-саттықтың ашықтығын арттыру мақсатымен өткен жылы Парламент биржалық сауданы ұйымдастыру жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Заң күшіне енді, алайда, Энергетика министрлігі сұйытылған газды өткізудің жаңа ережелерін әлі күнге дейін жасаған жоқ.

Осы өзекті мәселелерді реттемейінше бізде бағаның шарықтауы сұйытылған газға ғана емес, тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің көптеген түрінен байқалатын болады, түптеп келгенде бұдан карапайым тұтынушы зардап шегеді.

Біздің бәріміз бұл күндері Жаңаөзенде, Ақтауда болған оқиғаларға күйзелдік.

Ел Президентінің жедел шешімі мен жеке бақылауы жағдайды шешуге және өзара тиімді шешім қабылдауға кепілдік берді.

Ал енді біздің бәріміз тыныштық пен қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға тиіспіз және Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, жауапкершілік танытуға тиіспіз.

**«Nur Otan» фракциясының депутаттары**

**Б. Смағұл**

**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**

**А. Перуашев**

**«Қазақстанның Халық партиясы»  
фракциясының депутаттары**

**А. Қоңыров**

**Қазақстан Халқы Ассамблеясының  
депутаттық тобы**

**С. Абдрахманов**

*Орынд. Тоқтарбекова А.Т.  
Тел. 746740*